

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

### «БЖЗК» АҚ «Halyk Global Markets» АҚ-мен зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару туралы шартты бұзу жоспарланғаны жөнінде хабарлайды

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ (бұдан әрі – БЖЗК, Қор) 2025 жылғы 30 желтоқсанда инвестициялық портфельді басқарушы – «Halyk Global Markets» АҚ-дан (Қазақстан Халық Банкінің еншілес ұйымы) (бұдан әрі – ИПБ) 2021 жылғы 18 ақпанда жасалған № 17/6/18-02-21/П зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) ИПБ-ның бастамасы бойынша бұзу жоспарланғаны туралы мәлімдеме алынғанын хабарлайды.

Аталған хабарлама заңнама талаптарына сәйкес жолданған. Заңнамаға сәйкес, ИПБ Шартты оны жасасқан күннен бастап кемінде бір толық күнтізбелік жыл өткеннен кейін өз бастамасы бойынша бұзуға құқылы. Бұл ретте толық күнтізбелік жыл деп 2026 жылғы 1 қаңтардан 31 желтоқсанды қоса алғандағы кезең<sup>1</sup> түсініледі.

ИПБ Шартты өз бастамасы бойынша бұзған жағдайда, оның жоспарланған бұзылу күнінен кемінде бір күнтізбелік жыл бұрын уәкілетті органды, БЖЗК-ны және зейнетақы активтерін есепке алу мен сақтауды жүзеге асыратын кастодианды хабардар етуге, сондай-ақ өзінің корпоративтік интернет-ресурсында тиісті хабарландыруды орналастыруға міндетті. Осындай хабарлама болған жағдайда БЖЗК салымшылардың зейнетақы активтерін ИПБ басқаруына беру туралы жаңа өтініштер қабылдамайды<sup>2</sup>.

ИПБ өз сенімгерлік басқаруындағы ақша түріндегі зейнетақы активтерін толық көлемде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне (бұдан әрі – ҚРҰБ) сенімгерлік басқаруға қайтарады. Сонымен қатар, егер ИПБ алған зейнетақы активтерінің номиналдық кірістілігі мен ИПБ зейнетақы активтерін басқаруды жүзеге асырған толық күнтізбелік жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарындағы, яғни бұл жағдайда 2027 жылғы 1 қаңтардағы ең төменгі мән арасындағы теріс айырма *туындаған болса*, ИПБ оны толық көлемде өтеуіне міндетті<sup>3</sup>.

Теріс айырма өтелген күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде (*егер мұндай айырма болған жағдайда*) инвестициялық портфельді басқарушы зейнетақы активтерін қабылдау-тапсыру актісінің негізінде ҚРҰБ-тағы БЖЗК-ның кастодиандық шотына қайтарады<sup>4</sup>.

Осылайша, қолданыстағы тәртіп салымшылардың зейнетақы жинақтарының сақталуына, олардың ҚРҰБ басқаруына қайтарылуына кепілдік береді және зейнетақы жүйесіне қатысушылар үшін кез келген қаржылық тәуекелдерді болдырмайды. Бұл ретте, бұған дейін ИПБ

<sup>1</sup>Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 3 ақпандағы № 10 қаулысымен бекітілген Инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру қағидаларының 7-3-тармағы

<sup>2</sup>Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 3 ақпандағы № 10 қаулысымен бекітілген Инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру Қағидаларының 58-тармағы

<sup>3</sup>Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 3 ақпандағы № 10 қаулысымен бекітілген Инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру қағидаларының 59-тармағы

<sup>4</sup>Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 3 ақпандағы № 10 қаулысымен бекітілген Инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру қағидаларының 60-тармағы

басқаруына берілген барлық зейнетақы жинақтары олар ҚРҰБ басқаруына берілгенге дейін қолданыстағы шарттар бойынша «Halyk Global Markets» АҚ басқаруында қала береді.

ИПБ Шарт тоқтатылғанға дейін өзінің барлық міндеттемелерін, оның ішінде бекітілген инвестициялық стратегияны сақтау, активтердің сақталуын қамтамасыз ету және есептілік талаптарын орындау жөніндегі **міндеттемелерін толық көлемде орындауға міндетті**.

Сонымен қатар, салымшылар зейнетақы жинақтарын ИПБ сенімгерлік басқаруына берген күннен бастап кемінде бір жыл өткеннен кейін зейнетақы жинақтарын ҚРҰБ-тың сенімгерлік басқаруына немесе инвестициялық портфельін қалыптастыру өлшемшарты салымшының жасына сәйкес келетін басқа инвестициялық портфельді басқарушыға беруге құқылы екенін хабарлаймыз.

*БЖЗК 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗК» АҚ негізінде құрылды. БЖЗК құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗК зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗК міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, сондай-ақ "Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым аударған кепілдік берілген депозит бойынша кепілдік берілген өтемнің талап етілмеген сомасы есебінен қалыптастырылған ерікті зейнетақы жарналарын есепке алып, оның есебін жүргізеді, зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ Қор нысаналы активтер мен нысаналы талаптарды есепке алуды, нысаналы жинақтау шоттарына нысаналы жинақтарды (НЖ) есепке алу мен есептеуді, НЖ төлемдерін оларды алушының банк шоттарына есептеуді, "Ұлттық қор – балаларға" бағдарламасы шеңберінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен НЖ қайтарымдарын есепке алуды жүзеге асырады (толығырақ [www.enpf.kz](http://www.enpf.kz) сайтында).*